

"Ақтөбе облысы бойынша 2023 жылға арналған асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау бағыттары бойынша субсидиялар көлемдерін бекіту туралы" Ақтөбе облысы әкімдігінің 2023 жылғы 16 наурыздағы № 68 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Мерзімі біткен

Ақтөбе облысы әкімдігінің 2023 жылғы 15 желтоқсандағы № 356 қаулысы. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2023 жылғы 19 желтоқсанда № 8462 болып тіркелді. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

Ақтөбе облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Ақтөбе облысы бойынша 2023 жылға арналған асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау бағыттары бойынша субсидиялар көлемдерін бекіту туралы" Ақтөбе облысы әкімдігінің 2023 жылғы 16 наурыздағы № 68 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8315 тіркелген) қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулының тақырыбы жаңа редакцияда жазылсын:

"Ақтөбе облысы бойынша 2023 жылға арналған асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау бағыттары бойынша субсидиялар көлемдерін, субсидиялар нормативтерін, ауыл шаруашылығы жануарларының аналық басының азығына жұмсалған шығындар құнын арзандатуға субсидиялар алушыларға қойылатын өлшемшарттарын және субсидиялар алуға арналған өтінім беру мерзімдерін бекіту туралы";

көрсетілген қаулының 1-тармағы жаңа редакцияда жазылсын:

"1. Осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес Ақтөбе облысы бойынша 2023 жылға арналған асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау бағыттары бойынша субсидиялар көлемдері бекітілсін.";

көрсетілген қаулы мынадай мазмұндағы 1.1. және 1.2. тармақтармен толықтырылсын:

"1.1. Осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес Ақтөбе облысы бойынша 2023 жылға арналған ауыл шаруашылығы жануарларының аналық басының азығына жұмсалған шығындар құнын арзандатуға субсидиялар нормативтері бекітілсін";

"1.2. Осы қаулының 3-қосымшасына сәйкес Ақтөбе облысы бойынша 2023 жылға арналған ауыл шаруашылығы жануарларының аналық басының азығына жұмсалған

шығындар құнын арзандатуға субсидиялар алушыларға қойылатын өлшемшарттары және субсидиялар алуға арналған өтінім беру мерзімдері бекітілсін.";

көрсетілген қаулымен бекітілген Ақтөбе облысы бойынша 2023 жылға арналған асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау бағыттары бойынша субсидиялар көлемдері осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген қаулы осы қаулының 2 және 3 қосымшаларына сәйкес 2 және 3 қосымшаларымен толықтырылсын.

2. "Ақтөбе облысының ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасы" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулыны Ақтөбе облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Ақтөбе облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

Ақтөбе облысының әкімі
"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрлігі

А. Шахаров

Ақтөбе облысы әкімдігінің
2023 жылғы 15 желтоқсандағы
№ 356 қаулысына 1-қосымша
Ақтөбе облысы әкімдігінің
2023 жылғы 16 наурыздағы
№ 68 қаулысына қосымша

Ақтөбе облысы бойынша 2023 жылға арналған асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттырудың субсидиялау бағыттары бойынша субсидиялар көлемдері

№	Субсидиялау бағыты	Өлшем бірлігі	1 бірлікке арналған субсидиялар нормативтері, теңге	Субсидия көлемі	Субсидия сомасы, мың теңге
Етті және етті-сүтті мал шаруашылығы					
1	Селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу				
1.1	Ірі кара малдың тауарлық аналық басы		10 000	105 000	1 050 000,0
1.2	Ірі кара малдың асыл тұқымды аналық басы		15 000	23 3400	350 100,0
	Табынның өсімін молайту				

2	ү ш і н пайдаланылатын етті және етті-сүтті тұқымдардың асыл тұқымды тұқымдық бұқасын күтіп-бағу	б а с / шағылыстыру маусымы	100 000	2 881	288 100,0
3	Етті, етті-сүтті тұқымдардың асыл тұқымды бұқасын сатып алу	сатып алынған бас	150 000	2 500	375 000,0
4	Ірі қара малдың асыл тұқымды аналық басын сатып алу				
4.1	Отандық	сатып алынған бас	150 000	5 500	825 000,0
4.2	Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы, Украина елдерінен импортталған		225 000	0	0
4.3	Аустралия, АҚШ, Солтүстік және Оңтүстік Америка, Еуропа елдерінен импортталған		300 000	0	0
5	Ірі қара малдың тұқымдық шығу тегіне сәйкес келетін импортталған аналық басын сатып алу		150 000	0	0
6	Бордақылау алаңдарына бордақылау үшін немесе сою куаты тәулігіне кемінде 50 бас ірі қара мал болатын ет өңдеуші кәсіпорындарға өткізілген немесе ауыстырылған ірі қара малдың ер кек дарактарының (	тірідей салмағы, килограмм	200		500 077,044

	оның ішінде сүтті және сүтті-етті тұқымдардың еркек дарақтары) құнын арзандату			2 500 385,22	
Барлық сомасы					3 388 277,044
Сүтті және сүтті-етті мал шаруашылығы					
1	Сүтті және сүтті-етті тұқымдардың асыл тұқымды бұқасының ұрығын сатып алу				
1.1	Бір жынысты	сатып алынған	10 000	4 710	47 100,0
1.2	Қос жынысты	доза	5 000	70	350,0
2	Ірі қара малдың асыл тұқымды аналық басын сатып алу				
2.1	Отандық	сатып алынған бас	200 000	610	122 000,0
2.2	Аустралия, АҚШ, Солтүстік және Оңтүстік Америка, Еуропа елдерінен импортталған		400 000	0	0
3	Сүт өндіру құнын арзандату				
3.1	Бағымдағы сиырларының саны 600 бастан басталатын шаруашылық	өткізілген немесе өңделген килограмм	45	13 000 000	585 000,0
3.2	Бағымдағы сиырларының саны 50 бастан басталатын шаруашылық		20	400 000	8 000,0
3.3	А у ы л шаруашылығы кооперативі		20	0	0
4	Шаруа (фермер) қожалықтарында және ауыл шаруашылығы кооперативтерінде сүтті және сүтті-етті бағытындағы ірі қара малдың аналық басын қолдан ұрықтандыру жөніндегі көрсетілетін қызметтер үшін	ағымдағы жылы ұрықтандырылған бас	5 000		510,0

	асыл тұқымды ж ә н е дистрибьютерлік орталықтарды субсидиялау			102	
Барлық сомасы					762 960,0
Жұмыртқалы құс шаруашылығы					
1	Асыл тұқымды құстардан алынған жұмыртқа бағытындағы финалдық нысандағы тәуліктік балапан сатып алу	сатып алынған бас	60	575 345	34 520,7
Барлық сомасы					34 520,7
Қой шаруашылығы					
1	Селекциялық және асыл тұқымды жұмыс жүргізу				
1.1	Қойлардың асыл тұқымды аналық басы	б а с / шағылыстыру маусымы	4 000	38 000	152 000,0
1.2	Қойлардың тауарлық аналық басы		2 500	112 174	280 435,0
2	Отандық асыл тұқымды қойлар сатып алу	сатып алынған бас	15 000	10 000	150 000,0
3	Импортталған асыл тұқымды қойлар сатып алу	сатып алынған бас	30 000	0	0
4	Бордақылау алаңдарына бордақылау үшін немесе сою қуаты тәулігіне 300 бас болатын ет өңдеуші кәсіпорындарға өткізілген ұсақ малдардың ер к е к дарақтарының құнын арзандату	өткізілген бас	3 000	500	1 500,0
Барлық сомасы					583 935,0
Жылқы шаруашылығы					
	Ө н і м д і бағыттағы асыл				

1	тұқымды тұқымдық айғырлар сатып алу	сатып алынған бас	100 000	25	2 500,0
Барлық сомасы					2 500,0
Жергілікті бюджет қаражаты есебінен					
1	Маралдардың (бұғылардың) аналық бастарымен селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу	б а с / шағылыстыру маусымы	10 000	111	1 110,0
2	Балара ұяларымен селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу	балара ұясы/ маусым	5 000	0	0
3	Бие сүтін өндіру және өңдеу құнын арзандату	килограмм	60	700 000	42 000,0
4	Түйе сүтін өндіру және өңдеу құнын арзандату	килограмм	55	0	0
5	Асыл тұқымды ешкі сатып алу	бас	40 000	0	0
Барлық сомасы					43 110,0
2022 жылғы асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялаудың резервіндегі (күту парағы) субсидиялар көлемдері					
Етті және етті-сүтті мал шаруашылығы					
1	Селекциялық және асыл тұқымдық жұмыс жүргізу				
1.1	Ірі қара малдың тауарлық аналық басы		10 000	1 945	19 450,0
1.2	Ірі қара малдың асыл тұқымды аналық басы		15 000	1 620	24 300,0
2	Табынның өсімін молайту үшін пайдаланылатын етті және етті-сүтті тұқымдардың асыл тұқымды		100 000		2 900,0

	тұқымдық бұқасын күтіп-бағу	б а с / шағылыстыру маусымы		29	
3	Етті, етті-сүтті тұқымдардың отандық асыл тұқымды бұқасын сатып алу	сатып алынған бас	150 000	36	5 400,0
4	Ірі қара малдың асыл тұқымды аналық басын сатып алу				
4.1	Отандық	сатып алынған бас	150 000	193	28 950,0
5	Бордақылау алаңдарына бордақылау үшін немесе сою қуаты тәулігіне кемінде 50 бас ірі қара мал болатын ет өңдеуші кәсіпорындарға өткізілген немесе ауыстырылған ірі қара малдың еркек дарақтарының (оның ішінде сүтті және сүтті-етті тұқымдардың еркек дарақтары) құнын арзандату	тірідей салмағы, килограмм	200	720 123	144 024,6
Сүтті және сүтті-етті мал шаруашылығы					
2	Ірі қара малдың асыл тұқымды аналық басын сатып алу				
2.1	Отандық	сатып алынған бас	200 000	60	12 000,0
3	Сүт өндіру құнын арзандату				
3.1	Бағымдағы сиырларының саны 50 бастан		20	108 315	2 166,3

	басталатын шаруашылық	өткізілген немесе өңделген килограмм			
Жұмыртқалы құс шаруашылығы					
1	Асыл тұқымды құстардан алынған жұмыртқа бағытындағы финалдық нысандағы тәуліктік балапан сатып алу	сатып алынған бас	60	68 660	4 119,6
2	Тағамдық жұмыртқа өндіру құнын арзандату 5 миллион данадан басталатын нақты өндіріс	өткізілген дана	3,0	41 012 252	123 036,756
Қой шаруашылығы					
1	Селекциялық және асыл тұқымды жұмыс жүргізу				
1.1	Қойлардың асыл тұқымды аналық басы	б а с / шағылыстыру маусымы	4 000	6 140	24 560,0
1.2	Қойлардың тауарлық аналық басы		2 500	51 308	128 270,0
2	Отандық асыл тұқымды қойлар сатып алу	сатып алынған бас	15 000	2 778	41 670,0
3	Бордақылау алаңдарына бордақылау үшін немесе сою қуаты тәулігіне 300 бас болатын ет өңдеуші кәсіпорындарға өткізілген ұсақ малдардың е р к е к дарактарының құнын арзандату	өткізілген бас	3 000	130	390,0
Жылқы шаруашылығы					
1	Ө н і м д і бағыттағы асыл тұқымды тұқымдық	сатып алынған бас	100 000		3 600,0

	айғырлар сатып алу			36	
Резерв (күту парағы) бойынша барлығы					564 837,256
Барлығы					5 380 140,0

Ақтөбе облысы әкімдігінің
2023 жылғы 15 желтоқсандағы
№ 356 қаулысына 2-қосымша

Ақтөбе облысы бойынша 2023 жылға арналған ауыл шаруашылығы жануарларының аналық басының азығына жұмсалған шығындар құнын арзандатуға субсидия нормативі

№	Субсидиялау бағыты	Өлшем бірлігі	1 бірлікке арналған субсидиялар нормативтері, теңге	Субсидия көлемі	Субсидия сомасы, мың теңге
1	А у ы л шаруашылығы жануарларының аналық басының азығына жұмсалған шығындар құнын арзандату				
1.1	600 бастан бастап сүтті және сүтті-етті бағыттағы ІҚМ аналық басы	бас	40 000	2 103	84 120,0
1.2	ірі қара малдың аналық басы	бас	10 000	165 000	1 650 000,0
1.3	Ұсақ ірі қара малдың аналық басы	бас	1 700	315 000	535 500,0
1.4	Жылқы малдың аналық басы	бас	7 000	90 000	630 000,0
1.5	Түйе малдың аналық басы	бас	7 000	4 000	28 000,0
Барлық сомасы					2 927 620,0

Ақтөбе облысы әкімдігінің
2023 жылғы 15 желтоқсандағы
№ 356 қаулысына 3-қосымша

Ақтөбе облысы бойынша 2023 жылға арналған ауыл шаруашылығы жануарларының аналық басының азығына жұмсалған шығындар құнын арзандатуға субсидиялар алушыларға қойылатын өлшемшарттары және субсидиялар алуға арналған өтінім беру мерзімдері

				Субсидиялаудың ақпараттық жүйесі	
--	--	--	--	----------------------------------	--

№	Субсидиялау бағыты	Өлшем шарттары	Талаптар	субсидиялау шарттарына сәйкестігін тексеру әдісі	Өтінімді беру мерзімі
1	Сүтті және сүтті-етті бағыттағы ірі қара малдың аналық басы	Өтінімді берген сәтте (18 айдан асқан сиыр мен қашарлардың) меншіктегі аналық басының 600 бастан кем емес болуы	Егін өсіретін шаруашылықтар мен немесе құрама жем дайындайтын цехтармен азықтық жем (құрама жем) сатып алу келісім-шартының болуы (Ауыл шаруашылығы кооперативтерін қоспағанда)	Ауыл шаруашылығы малдарының селекциялық және асыл тұқымдық жұмыстық ақпараттық қоры және ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру жөніндегі деректер базасымен интеграцияланған өзара іс-қимыл	Ағымдағы жылдың 1 қарашасынан 20 желтоқсанға дейін
2	Ірі қара малдың аналық басы	Өтінімді берген сәтте (18 айдан асқан сиыр мен қашарлардың) меншіктегі аналық басының 50 бастан кем емес болуы			
3	Қой мен ешкінің аналық басы	Өтінімді берген сәтте (12 айдан асқан аналықтардың) меншіктегі аналық басының – қойдың 300 бастан, ешкінің 50 бастан кем емес болуы			
4	Жылқылардың аналық басы	Өтінімді берген сәтте (аналық жылқының жасы 36 айдан асқан) меншіктегі аналық басының 50 бастан кем емес болуы			
5	Түйелердің аналық басы	Өтінімді берген сәтте (аналық түйенің жасы 36 айдан асқан) меншіктегі аналық басының 25 бастан кем емес болуы			

